



Меншікті бағалы қағаздардармен мәмілелер туралы ақпарат Тұрақты есеп

Алматы, Қазақстан - «Эйр Астана» АҚ (бұдан әрі - «**Қоғам**») 2025 жылғы 14 наурызда жарияланған Акциялар мен ҒДҚ-ды сатып алу бағдарламасына сәйкес («**Бағдарлама**») Қоғамның жай акцияларының («**Акциялар**») және Акцияларға қатысты құқықтарды куәландыратын ғаламдық депозитарлық қолхаттардың («**ҒДҚ**») төменде көрсетілген санын «Halyk Finance» АҚ арқылы 2025 жылдың 25 қараша және 1 желтоқсан аралығында (бұдан әрі – «**есеп беру кезеңі**») сатып алу туралы хабарлайды.

Бағдарламаны жүзеге асыру шеңберінде күн сайын жасалған мәмілелер туралы біріктірілген ақпарат төменде көрсетілген:

Мәміле күні	Мәміле жасалған биржа	Акциялар-ды бір күнде сатып алудың орташа өлшенген бағасы (теңге)	ҒДҚ-ны бір күнде сатып алудың орташа өлшенген бағасы (АҚШ долл.)	Сатып алынған Акциялардың жалпы саны	Сатып алынған ҒДҚ-ның орташа саны	Мәмілелердің жалпы бағасы (АҚШ долл.)*
25.11.2025	LSE	-	6,80	-	2 384	16 211,20
26.11.2025	AIX / LSE	-	6,84	-	2 768	18 929,55
27.11.2025	AIX	-	6,85	-	2 118	14 508,30
28.11.2025	AIX / LSE	-	6,81	-	4 389	29 908,14
Сатып алынған Акциялар мен ҒДҚ-ның саны және есеп беру кезең ішінде жасалған мәмілелердің жалпы бағасы:				- Акция	11 659 ҒДҚ (46 636 Акцияға қатысты құқықтарды куәландыратын)	79 557,19 АҚШ долл.
Сатып алынған Акциялар мен ҒДҚ-ның саны және Бағдарламаны іске асыру шеңберінде жасалған мәмілелердің жалпы бағасы:				1 252 770 Акция	84 943 ҒДҚ (339 772 Акцияға қатысты құқықтарды куәландыратын)	2 372 370,07 АҚШ долл.

* Акцияларды сатып алу мәмілелер бөлігінде, тиісті мәміле жасалған күні Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің ресми бағамы бойынша

Бағдарлама шеңберінде «Halyk Finance» АҚ жасаған жекелеген мәмілелер бойынша ақпарат төмендегі сілтеме бойынша қолжетімді:

<https://ir.airastana.com/media/8de318df0b57129/detailed-inf-kz-02-12-2025.pdf>

Осы хабарландыру қандай да бір юрисдикциядағы бағалы қағаздарды ұсыну туралы ұсыныс немесе өтініш болып табылмайды. Қоғам да, Бағдарлама мақсаттары үшін Қоғам тартқан брокерлер де, олардың үлестес

тұлғалары да (немесе олардың тиісті директорлары, қызметкерлері, агенттері немесе кеңесшілері) ҒДҚ-ның акционерлері немесе ұстаушылары өздерінің кез келген немесе барлық Акцияларын немесе ҒДҚ-ны сатуға тиіс пе екендігіне қатысты ешқандай ұсынымдар бермейді. ҒДҚ акционерлері мен ұстаушыларына Бағдарламаға қатысуға қатысты өз қаржылық ақыл-кеңестері үшін өзінің брокеріне (леріне), инвестициялық менеджеріне (леріне), заң кеңесшісіне (леріне), бухгалтеріне (леріне), кастодианына (леріне) немесе басқа да уәкілетті тәуелсіз қаржы кеңесшісіне (леріне) жүгіну ұсынылады. Акциялары және/немесе ҒДҚ-ны оның атынан брокерде, дилерде, банкте, кастодианда, траст компаниясында немесе басқа номиналды ұстаушыда сақталатын кез келген жеке тұлға немесе компания, егер олар Бағдарламаға қатысқысы келсе, осындай тұлғаға жүгінуге тиіс.

Қосымша ақпарат алу үшін ir.airastana.com сайтына кіріңіз немесе төменде телефондарға хабарласыңыз:

Air Astana

Инвесторлармен байланыстар
жөніндегі қызмет
investor.relations@airastana.com

Air Astana

Корпоративтік коммуникациялар
жөніндегі департамент
media@airastana.com

Vigo Consulting

airastana@vigoconsulting.com

Air Astana компаниялар тобы туралы

Air Astana компаниялар тобы Орталық Азия мен Кавказ өңірлеріндегі кіріс көлемі мен әуе кемелер саны бойынша ең ірі әуе тасымалдаушы топ. Компания 62 әуе кемесінен тұратын флотты басқарады, ол 2002 жылы алғашқы рейсін орындаған толық қызмет көрсететін Air Astana әуе компаниясы мен 2019 жылы құрылған бюджеттік FlyArystan әуе компаниясына бөлінген. Компания тұрақты, тіке және транзиттік, қысқа және ұзақ қашықтықтағы жолаушылар мен жүк тасымалын жүзеге асырады. Маршруттық желісі Орталық Азия, Кавказ, Қиыр Шығыс, Таяу Шығыс, Үндістан және Еуропаны қамтиды. Air Astana Skytrax рейтингі бойынша Орталық Азия және ТМД-дағы ең үздік әуе компаниясы атағын 14 мәрте иеленді және қатарынан 9 рет Орталық Азия мен ТМД-дағы ең үздік әуе компания қызметі марапатына лайық танылды. FlyArystan үш рет Skytrax сыйлығы бойынша Орталық Азия мен ТМД-дағы ең үздік бюджеттік әуе компаниясы атанды. Сонымен қатар, Air Astana Airline Passenger Experience Association (APEX) тарапынан ірі әуе компаниялар санатында бес жұлдызды рейтингке ие болды. Компания Қазақстан қор биржасында (KASE), Астана халықаралық биржасында (AIX) және Лондон қор биржасында (LSE) AIRA тикерімен листингке енгізілген.